

## Тіркелген салық ставкаларын бекіту

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 шілдедегі N 16-5/2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Көкпекті аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 26 тамызда № 5-15-57 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 21-5/3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 02.04.2018 № 21-5/3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV “Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы” Кодексінің 422 бабының 2 тармағына және Көкпекті ауданының кәсіпкерлік мәселелер жөніндегі сараптамалық кеңесінің 2009 жылғы 24 маусымдағы қорытындысына сәйкес Көкпекті аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Айына салық салу бірлігіне Көкпекті ауданы аумағында тіркелген салық ставкалары бекітілсін (қосымшаға сәйкес).

2. Көкпекті аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 сәуірдегі № 15-5/2 " Тіркелген салық ставкалары туралы" шешімнің күші жойылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы  
Көкпекті аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Қ. Жұмажанова*

*Л. Бочкарева*

2009 жылғы № 16-5/2 шешімге  
1-қосымша

## Тіркелген салықтың айлық бірлігіне салық салу ставкасының егізгі мөлшері

№	Салық атауы	салық объектісінің	Тіркелген салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіште)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтысы жоқ ойын автоматы		1

2	Біреуден қатысуымен арналған автоматы	артық ойын ұтысы	ойыншылардың ойын өткізуге жок ойын	1
3	Ойын пайдаланылатын жеке компьютер	өткізу	үшін	1
4	Ойын жолы			5
5	карт			2
6	Бильярд үстелі			3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК